

Білім ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
2-қосымшасы

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттар

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	80 - 94 %	3
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 45 %-дан жоғары, гимназиялар - 50 % -дан жоғары; Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер - 30 %-дан жоғары	5
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 45% -дан 54 % аралығында, лицейлер - 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-	4

	және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, гимназиялар үшін 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 55%-дан 64% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 30%-дан 34 % аралығында	
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратандырылуы	95 - 99 %	4
7	Гимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	95 - 99 %	4
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді	100 %	5

	мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген). 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі		
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	100 %	5
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40-64 %-ға дейін құрайды	3
11	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейі не қанағаттанған	4
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	4
13	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	4

Білім беру ұйымының басшысы
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)



Молдобаева Арнауль Искеновна